

## Ерейментау ауданында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 маусымдағы № 8С-4/4-23 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 22 маусымда № 8589-03 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 8С-12/3-23 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 22.12.2023 № 8С-12/3-23 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10-тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Ерейментау аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ерейментау ауданында туристерді орналастыру орындарында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері болу құнының 1 (бір) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ерейментау аудандық мәслихатының төрағасы*

*М.Абжиков*